

**Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі
«Катия апа» бөбекжай балабақшасы**

Дамытушы орта паспорты

ДАМЫТУШЫ ОРТА ПАСПОРТЫ

Топ атауы: «Ақтиін» тобы

Тәрбиеші: Кожагул Айгерим Тулегеновна

Балалардың жас ерекшеліктері: 5 жас

Оқу жылы: 2025-2026 ж

1. Танымдық-зерттеушілік орта (Ғылым және табиғат аймағы)

Ортаның мақсаты: балалардың танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын, байқағыштығын және қарапайым зерттеу (тәжірибе жасау) дағдыларын дамыту.

Тәжірибе жасауға арналған құралдар:

- үлкейткіш әйнектер (лупалар);
- құм және сумен ойнауға арналған ыдыстар;
- өлшеуіш стақандар;
- тамшуырлар;
- қысқыштар;
- сұйықтық құюға арналған құйғыштар.



Табиғи материалдар:

- тастар;
- бақалшақтар;
- кептірілген жапырақтар;
- ағаш бұтақтары;
- әртүрлі тұқымдар (жанғақ, үрме бұршақ, күріш, бидай).



Дидактикалық материалдар:

- геометриялық пішіндер;
- сұрыптауға арналған жиынтықтар;
- сан мен көлемді салыстыру ойындары;
- логикалық блоктар (Дьенеш блоктары, Кюизенер таяқшалары).



Табиғат бұрышы:

- бөлме өсімдіктері;
- өсімдіктерді күту құралдары (суқұйғыш, қопсытқыш, шаң сүртуге арналған шүберектер);
- «Табиғат және ауа райы» күнтізбесі.



2. Сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы (Әлеуметтендіру аймағы)

Ортаның мақсаты: балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, ересектер еңбегімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениеті мен шығармашылық қиялын дамыту.

«Аурухана» сюжеті:

- дәрігер халаты мен бас киімі;
- медициналық құралдар жиынтығы (тонометр, шприц, дәрумендер, фонендоскоп, медициналық карталар).



«Дүкен» сюжеті:

- сауда сөрелері;
- ойыншық касса;
- таразы;
- көкөністердің, жемістердің және нан өнімдерінің муляждары;
- ойыншық ақшалар мен сатып алу себеттері.



«Арнайы қызметтер»

(Полиция / Өрт сөндіруші / Жүргізуші):

- арнайы киімдер;
- рөлдер;
- жол белгілерінің макеттері;
- рация;
- арнайы көліктер жиынтығы.



3. Шығармашылық және эстетикалық орта (Өнер аймағы)

Ортаның мақсаты: балалардың эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін, ұсақ моторикасын, музыкалық және театрлық дағдыларын дамыту.

Бейнелеу өнері:

- түрлі түсті қарындаштар;
- фломастерлер;
- гуашь;
- акварель бояулары;
- қылқаламдар;
- су құятын стақандар;
- альбомдар;
- түрлі түсті қағаз және картон.

Мүсіндеу және аппликация:

- ермексаз;
- мүсіндеуге арналған тақтайшалар мен арнайы пышақтар;
- қауіпсіз қайшылар;
- желім-қарындаш және сұйық желім.



Театр бұрышы:

- саусақ театры;
- би-ба-бо қуыршақтары;
- ертегі кейіпкерлерінің бетперделері;
- үстел үсті театры;
- ширма (шағын сахна).



Музыкалық бұрыш:

- балаларға арналған музыкалық аспаптар (даңғыра, маракас, металлофон, сылдырмақтар, сыбызғы);
- музыка тыңдауға арналған техникалық құрал (колонка).



4. Сөздік-коммуникативтік орта (Кітап және тіл дамыту аймағы)

Ортаның мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, көркем әдебиет пен кітапқа қызығушылығын тәрбиелеу.

Кітапхана бұрышы:

- жас ерекшелігіне сай суретті ертегілер;
- өлеңдер;
- энциклопедиялар;
- ауыз әдебиеті үлгілері (мақал-мәтелдер, жұмбақтар).



Тіл дамыту құралдары:

- сюжеттік суреттер жиынтығы;
- «Ертегіні жалғастыр» дидактикалық карточкалары;
- әріптер мен буындары бар текшелер;
- дыбыстық ойындар.



Мнемотехника:

- ертегілерді мазмұндауға, әңгіме құрастыруға және өлең жаттауға арналған арнайы мнемокестелер мен сызбалар.

Тыңдау аймағы:

- ертегілердің, әңгімелердің және балалар әндерінің аудиожазбалары.



Қимылды ойындарға арналған атрибуттар:

- эмблемалар мен бетперделер.



ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

Қауіпсіздік:

Барлық материалдар мен жиһаздар балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз, экологиялық таза, сертификатталған және мықтап бекітілген болуы тиіс.

Қолжетімділік:

Ойыншықтар, дидактикалық материалдар мен құрал-жабдықтар балалардың бойына сәйкес келетін ашық сөрелерде қолжетімді орналасуы тиіс.

Өзгермелілік:

Ортаның мазмұны тақырыптық жоспарға, жыл мезгіліне және балалардың қызығушылықтарына сәйкес үнемі өзгертіліп, жаңартылып отыруы тиіс.

Күтілетін нәтиже

Баланың танымдық қабілеті дамиды.

Сөйлеу және сөздік қоры артады.

Қарым - қатынас және әлеуметтік дағдылары қалыптасады.

Шығармашылық белсенділігі дамиды.

Ұсақ моторикасы жетіледі.

Мектепке дайындық деңгейі артады.

Менгеруші:



Ш.Ж.Әбішева